



ТӨРТҚАРА

Төртқара руы туралы да біз бірінші рет А. Тевкелевтің деректерінен білеміз. Сонан соң бұл ру А. Левшинде айтылады. Барлық деректерге қарағанда неғұрлым соңғы кезеңде Төртқара руы Кіші жүздің Әлімұлы ру бірлестігінің құрамында үнемі кездесіп отырады. Рудың таңбасы  (Гродеков, Мейер, Аманжолов бойынша) және  (Тынышбаев бойынша); ұраны «Алдияр» (Гродеков бойынша) және «Айыртау» (біздің мәліметтеріміз бойынша).

Бұл рудың шыққан тегі туралы мәселеге қайтып орала отырып, осының алдындағы сияқты Төртқара руының да жақында (ерте дегенде ХVІХVІІ ғғ.) пайда болғанын және біздіңше, оның негізгі көпшілігі әлдебір бедгісіз себептермен найман тайпасынан (матай руынан) бөлініп шыққан тәрізді, өйткені оның құрамында да төртқара бөлімшесі бар. Рудың бір бөлігінің керей тайпасынан шыққаны күмәнсіз, оның таңбасы олардың таңбасымен бірдей. Басқа, неғұрлым ұсақ компоненттерінің бөлуы да ықтимал.